


Бекітемін  
Астана қаласы әкімдігінің  
«Әдістемелік орталығы» МКҚК  
басшысы  
 С.Дауешова  
«17» қаңтар 2024 жыл

## «Психологтың үздік кабинеті» қалалық конкурсының ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы Ережелер

- 1.1. «Психологтың үздік кабинеті» конкурсы туралы Ереже (бұдан әрі – Конкурс) конкурсты өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.
- 1.2. Конкурсты Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ұйымдастырып, өткізеді.
- 1.3. Конкурсқа Астана қаласының мемлекеттік білім беру ұйымдарының мектептер, балабақшалар, колледждердің педагог-психологтары қатыса алады.
- 1.4. Конкурсты өткізу тілдері: қазақша және орысша.

### 2. Конкурстың мақсаттары мен міндеттері

**2.1. Конкурстың мақсаты:** білім алушыларға және тәрбиеленушілерге психологиялық көмек көрсету сапасын арттыру және педагог-психологтың қызметін жетілдіру

**2.2. Конкурстың міндеттері:**

- білім алушыларға және тәрбиеленушілерге психологиялық көмек көрсету жағдайларын жақсарту;
- психологтар кабинеттерін ресурстық жабдықтаудың үздік тәжірибесін жинақтау;
- елордалық білім беру ұйымдарында психологиялық қызмет жұмысының креативті және жайлы ортасын құру.

### 3. Конкурстың кезеңдері

**3.1. Конкурс 3 кезеңде өтеді**

Бірінші кезең 2024 жылдың 17 – 31 қаңтар аралығы – ұйымдастыру комитетіне психолог кабинетінің жабдықтануы, 4 аймақтың материалдық-техникалық базасының қысқаша сипаттамасы туралы бейнеролик (1 минуттан аспайтын) және өтінім ұсынылады.

Бейнероликтер мазмұны:

- ✓ балаларға, ата-аналарға және педагогтерге психологиялық көмек көрсету үшін кабинеттің мүмкіндіктері;
- ✓ білім алушыларды психологиялық қолдауға қолайлы ортаның маңыздылығы;

- ✓ білім алушылардың психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуде кабинет ресурстарын қолданудың маңыздылығы;
- ✓ білім беру ұйымының педагог-психологының кәсіби имиджін құру;
- ✓ психологтың жұмысында инновациялық технологиялардың қолданылуын көрсету;
- ✓ психолог кабинетін ресурстық жабдықтауда шығармашылық тәсілді қолдану.

Өтінім және бейнероликті google-form сілтемесі арқылы тіркеп, келесі сілтемеге [https://docs.google.com/spreadsheets/d/10N\\_SBBc1wO7pHtAs0SWN243ALxk3RosxyU5FsRWPOIE/edit?usp=sharing](https://docs.google.com/spreadsheets/d/10N_SBBc1wO7pHtAs0SWN243ALxk3RosxyU5FsRWPOIE/edit?usp=sharing) жіберіледі.

**3.2.Екінші кезең 2024 жылдың 12 –24 ақпан аралығы** – ұйымдастыру комитетінің мүшелері қатысушылардың өтінімдері мен материалдарын жинақтайды. Қазылар алқасының мүшелері конкурс материалдарын зерделейді, үздіктерді іріктейді және базамен танысу үшін білім беру ұйымына барады.

**3.3.Үшінші кезең 2024 жылдың 29 ақпан** үздік деп танылған кабинеттердің таныстырылымы өтеді және жеңімпаздарды салтанатты марапаттау.

#### 4. Бағалау критерийлері

	Критерийлер	Түсіндіру	Ұпайлар
1	Барлық 4 аймақтың болуы	Басты 4 аймақтың болуы: 1-құжаттармен жұмыс аймағы 2-консультативтік жұмыс аймағы 3-диагностикалық жұмыс аймағы 4-психологиялық тынығу және түзету-дамыту жұмыс аймағы	Әр аймақ бойынша 1-ден 5-ке дейін
2	Кабинетті безендіруді композициялық ұйымдастыру	Кабинеттің безендірілуі, ақпараттық қанықтылық, құрылымдылығы	1 ден 5-ке дейін
3	Ресурстық жарактандыру сипаттамасының толықтығы	Кабинеттің барлық ресурстарының толық сипаттамасы	1 ден 5-ке дейін
4	Инновациялық тәсіл	Кабинет жабдықтарының жаңалығы мен өзіндік ерекшелігі	1 ден 5-ке дейін
5	Шығармашылық шешім	Кабинет ресурстарын көрсетудегі тәсіл	1 ден 5-ке дейін
6	Нормативтік-құқықтық аспект	Астана қаласының Білім басқармасы бекіткен номенклатураға сәйкес педагог-психолог құжаттамасының болуы. 22.10.2022 ж. №889 бұйрығымен ( 2022-2023 оқу жылы үшін және 2023-2024 оқу жылына құжаттаманың дайындығы)	1 ден 5-ке дейін
7	<b>Екінші кезеңге өту</b>		

#### 5.Конкурсты ұйымдастыру

5.1.Конкурсты ұйымдастыру комитеті конкурсты ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді, қатысушыларды тіркеу нөмірлерін бере отырып тіркейді.

5.2.Конкурстың ұйымдастыру комитеті қазылар алқасының құрамын бекітеді және оның жұмысын қамтамасыз етеді.

5.3.Конкурсты ұйымдастыру комитеті конкурс туралы ереженің орындалуын бақылайды, конкурс аясында іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді.



## 6. Конкурстың қазылар алқасы

6.1. Қазылар алқасының құрамына Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы орынбасарлары, психологиялық сүйемелдеу бөлімінің әдіскерлері және Астана қаласы педагог-психологтарының шығармашылық сараптамалық тобының мүшелері кіреді.

6.2. Қазылар алқасы конкурс ережесіне сәйкес жұмыс істейді.

6.3. Қазылар алқасының мүшелері жұмысты қоса берілген критерийлерге сәйкес бағалайды.

6.4. Конкурстың барлық кезеңдері бойынша қазылар алқасы мүшелерінің бағалауы жинақталады және хаттамалар дайындалады. Қазылар алқасы мүшелерінің бағалары жарияланбайды және жарнамаланбайды.

Қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтау кезінде барынша объективтілікке кепілдік береді.

Конкурстың қазылар алқасы жекелеген номинацияларды ашу құқығын өзіне қалдырады.

## 7. Конкурс қорытындысын шығару

7.1. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК I, II, III дәреже және «Креативті тәсіл», «Шығармашылық шешім», «Үздік релакс аймағы», «Жайлы аймақ», «Стильді дизайн», «Үздік құжаттама», «Инновациялық жабдықтар» номинациялары бойынша дипломдармен марапатталады.

7.2. Конкурстың қорытындысы және үздік жұмыстар «Әдістемелік орталығы» МКҚК сайтында жарияланады.

Конкурсқа байланысты мәселелер бойынша жетекшілік ететін әдіскерлердің телефондары арқылы хабарласуға болады:

- мектепке дейінгі педагог-психологтарының әдіскері-Исабекова Айжамал Керімбековна – 87767460837;

- мектеп педагог-психологтарының әдіскері-Рустимова Майра Абдухамитовна-87027671454

- ТЖКБ педагог-психологтарының әдіскері Хамзина Күлпан Мұхтаровна-87783482054.

## Өтінім/Заяка

№	Білім беру мекемесінің атауы/ Наименование организации образования	Қатысушы педгог-психологтің аты-жөні/ ФИО участника педагога-психолога	Телефон нөмірі/ Номер телефона	Бейнероликтің ұзақтығы/ Длительность видеоролика	Видеороликтің жіберілген күні/ Дата отправки видеоролика	Бейнероликтің сілтемесі / Ссылка на видеоролик

## «Психологтың үздік кабинеті» байқауының қазылар алқасы тізімі:

№	Аты-жөні	Жұмыс орны
1	Мошке Аршагул	№ 4 мектеп-гимназия
2	Аренова Алия Балтабековна	№11 мектеп-лицей
3	Астрелина Ирина Владимировна	№ 31 мектеп-гимназия
4	Абрамова Ольга Александровна	№ 32 мектеп-гимназия
5	Алибаева Сания Амангельдиновна	№41 орта мектеп
6	Зейтказиева Шынар Ерланқызы	№ 44 орта мектеп
7	Ерпейсова Жазира Көпболқызы	№ 53 мектеп-лицей
8	Стамкулова Куралай Шаймерденовна	№ 54 мектеп-лицей
9	Нуриманова Аяулым Кенжебековна	№ 66 мектеп-лицей
10	Сайлаубаева Райгул Женисовна	№68 мектеп-гимназия
11	Орынбасарова Ардак Кенесовна	№93 мектеп-лицей
12	Шаймердинова Марина Галимовна	«Astana Polytechnic» жоғарғы колледж
13	Бегалиева Эльмира Сериковна	Жоғарғы көлік және коммуникация колледжі
14	Иманбекова Ғазиза Серикбаевна	№30 «Қайнар» балабақша
15	Буралкиева Салтанат Абитаевна	№37 «Арман» балабақша
16	Ахметжанова Айнагуль Тасымовна	№53 «Мерей» балабақша
17	Сулейменова Согдиана Ерлановна	№63 «Әсем-ай» балабақша